

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

---

---

## ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

### "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе

**Б е к і т і л д і**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2018 жылғы 14 желтоқсандағы  
сырттай дауыс берудің № 108 (з)  
хаттамасы)  
2019 жылғы 1 қаңтардан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

---

---

Алматы қ.

2018

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгеріс:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылғы 14 маусымдағы сырттай дауыс берудің № 44 (з) хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	4
<b>1-тарау.</b>	<b>Қағидалар жинағы туралы жалпы ережелер</b>	<b>4</b>
1-бап.	Мазмұны және Қағидалар жинағының құрамы	4
2-бап.	Қағидалар жинағының мазмұнын шектеу	5
3-бап.	Қағидалар жинағының қолданылу саласын шектеу	5
<b>2-тарау.</b>	<b>Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы әрекеті мен оның қызметтері туралы жалпы ережелер</b>	<b>6</b>
4-бап.	Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы әрекеті мен қызметінің түрі	6
5-бап.	Орталық депозитарийдің қызметі көрсетілетін құралдар	7
6-бап.	Орталық депозитарийдің клиенттері	8
7-бап.	Орталық депозитарийдің қызмет көрсетудегі ұйымдық-құқықтық негіздері	9
8-бап.	Орталық депозитарийдің қаржы нарығында қызмет көрсету және қызметті жүзеге асыру шарты мен тәртібі	9
<b>3-тарау.</b>	<b>Қағидалар жинағының глоссарийі</b>	<b>9</b>
9-бап.	Сөзбен берілген белгілер түрі	9
10-бап.	Ұғымдар мен терминдер	11
11-бап.	Шартты (қысқартылған) белгілер	12
12-бап.	Қысқартулар және сөзбен берілген түсіндірмелер	12
<b>4-тарау.</b>	<b>Басқа ережелер</b>	<b>12</b>
13-бап.	Орталық депозитарийдің жұмыс және операциялық күндері	12
14-бап.	Орталық депозитарийдің қызметін төлеу	13
15-бап.	Қорытынды ережелер	13
	<b>Қосымшалар</b>	
1-қосымша.	Қағидалар жинағының құрамы	14
2-қосымша.	Қағидалар жинағында пайдаланылатын ұғымдар, терминдер мен шартты (қысқартылған) белгілер глоссарийі	18

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы (бұдан әрі – Қағидалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық депозитарий) қаржы нарығындағы қызметін жүзеге асыру шарты мен тәртібін айқындайды.

## **1-тарау. ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Мазмұны және Қағидалар жинағының құрамы**

1. Қағидалар жинағы Орталық депозитарийдің ішкі құжаттар жинағын білдіреді, олар "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төмендегілердің жиынтығын айқындайды (осы Кіріспенің 2-бабында белгіленген шектеулерді ескергенде):
  - 1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің және жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушылары тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру тәртібінің;
  - 2) мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу тәртібінің;
  - 3) депозитарлық қызметті жүзеге асыру тәртібінің;
  - 4) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру тәртібінің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы болған кезде);
  - 5) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру тәртібінің;
  - 6) төлем агентінің функцияларын жүзеге асыру тәртібінің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы болған кезде);
  - 7) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта жасалған туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру тәртібінің;
  - 8) бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіру нөмірлерін (ISIN кодын) және өзге сәйкестендіргіштерді беру тәртібінің;
  - 9) (2019 жылғы 1 шілдеден бастап) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге тасыру тәртібінің;
  - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге қағидалардың.

2. Қағидалар жинағы осы Кіріспеден және олар туралы мәліметтер осы Кіріспеге 1-қосымшада берілген Орталық депозитарийдің басқа ішкі құжаттарынан тұрады.

Осы Кіріспеге 1-қосымша Қағидалар жинағының құрамын әрбір өзгертуге қарай және бір мезгілде осындай өзгерістермен жаңартуға жатады. Бұл ретте аталған қосымшаға қажетті өзгерістер және/немесе толықтырулар Орталық депозитарий органдары мен лауазымды тұлғаларының қандай да бір рәсімді шешімдер қабылдауынсыз енгізіледі.

## **2-бап. Қағидалар жинағының мазмұнын шектеу**

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 81-бабының 1-тармағына сәйкес Қағидалар жинағы Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара қарым-қатынасын реттеумен шектеледі, олар үшін Орталық депозитарийдің қызметтерін пайдаланған кезде Қағидалар жинағын сақтау міндетті болып табылады.

Орталық депозитарийдің бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара қарым-қатынасына жатпайтындарға қатысты ол қаржы нарығындағы өзінің қызметін оның Басқармасының шешімдерімен бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ олардың құзыретінің шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Орталық депозитарий органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

## **3-бап. Қағидалар жинағының қолданылу саласын шектеу**

1. Қағидалар жинағы төмендегілерге қаншалықты қайшы келмесе, соншалықты жарамды:
  - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға;
  - 2) осы ішкі құжаттардың өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға қайшы келмеу шартымен қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыру кезінде Орталық депозитарийге қызмет көрсететін ұйымдардың ішкі құжаттарына.
2. Егер Қағидалар жинағының қандай-да бір нормасы жарамсыз болса, онда бұл Қағидалар жинағының басқа нормаларын қозғамайды. Қағидалар жинағының жарамсыз нормасы заңдық жол берілетін және тиісті қатынасты реттейтін нормамен ауыстырылады.

## 2-тарау. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТІ МЕН ОНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 4-бап. Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы әрекеті мен қызметінің түрі

1. Орталық депозитарий "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 1-бабының 73) тармақшасымен "орталық депозитарий" ретінде анықталғандай, арнайы коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

Аталған заңның 45-бабының 2-1 тармағына сәйкес Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының аумағында депозитарлық қызмет пен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

2. Орталық депозитарий қаржы нарығында, оның ішінде "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Жауапкершіліктегі және қосымша жауапкершіліктегі серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын орындау үшін келесідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) бағалы қағаздарды ұстаушылар, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша қызметті;
- 2) жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызметті;
- 3) депозитарлық қызметті;
- 4) банк операцияларының жекелеген түрлерін:  
заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;  
жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;  
банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;  
аударым операциялары: төлемдер мен ақша аударымы бойынша жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
- 5) төлем агентінің функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетуді;
- 6) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметті;
- 7) туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімін жүргізу бойынша қызметті;

- 8) бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіру нөмірлерін (ISIN кодын) және сәйкестендіргіштерді беру бойынша қызметті;
  - 9) (2019 жылғы 1 шілдеден бастап) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру бойынша қызметті;
  - 10) санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетуді;
  - 11) оны жүзеге асырған кезде Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тыйым салу бұзылмайтын өзге қызмет.
3. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы қызметі лицензиялауға жатпайды (осы баптың 4-тармағында берілген өзгешеліктер мен ерекшеліктерді ескергенде).
  4. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес осы баптың 2-тармағының 1), 2), 5), 8) тармақшаларында берілген түрлердегі қызмет Орталық депозитарий қаржы саласындағы қызмет және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет лицензиары ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясынсыз жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызмет болып табылады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін Орталық депозитарий қаржы саласындағы қызмет және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет лицензиары ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.
  5. Қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыру шеңберінде Орталық депозитарий түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен анықталатын қызметтерді көрсетеді.

#### **5-бап. Орталық депозитарийдің қызметі көрсетілетін құралдар**

1. Оларға қатысты Орталық депозитарий қаржы нарығында қызмет көрсетуге міндетті азаматтық құқық объектілерінің санаты Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған. Бұл ретте Орталық депозитарий сондай-ақ осы баптың 2-тармағында тізбеленген шарттарға сәйкес келетін азаматтық құқықтың өзге объектілеріне қатысты қаржы нарығындағы қызметтерді көрсетеді.

2. Орталық депозитарий төмендегідей шартпен кез келген санаттағы азаматтық құқық объектілеріне қатысты қаржы нарығындағы қызметтерді көрсетеді:
  - 1) осы санаттағы объектілер осы Кіріспеге 2-қосымшада берілген "құрал" терминінің анықтамасына түскенде;
  - 2) осы санаттағы объектілер айналымнан алынбағанда;
  - 3) осы санаттағы объектілер келесідей ретпен айналымда шектелмегенде:

жалпы режимде осындай объектілерге қатысты қаржы нарығында Орталық депозитарийдің қызмет көрсетуіне кедергі келтіретін; және/немесе

жалпы режимде осындай объектілерге қатысты қаржы нарығында Орталық депозитарийдің қызмет көрсетуіне мүмкіндік бермейтін;
  - 4) осы санаттағы объектілер оған қатысты қаржы нарығында Орталық депозитарийдің қызмет көрсетуіне тыйым салынған азаматтық құқық объектілерінің қатарына кірмегенде;
  - 5) осы санаттағы объектілер оларға қатысты төмендегідей ретпен қаржы нарығында Орталық депозитарийдің қызмет көрсетуі шектелген азаматтық құқық объектілерінің қатарына кірмегенде:

жалпы режимде осындай объектілерге қатысты қаржы нарығында Орталық депозитарийдің қызмет көрсетуіне кедергі келтіретін; және/немесе

жалпы режимде осындай объектілерге қатысты қаржы нарығында Орталық депозитарийдің қызмет көрсетуіне мүмкіндік бермейтін;
  - 6) осы санаттағы объектілер Орталық депозитарийдің қаржы нарығындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тыйым салуға жатпайды;
  - 7) Орталық депозитарийдің ақпараттық жүйелерінің техникалық мүмкіндіктері оған осы санаттарға қатысты объектілерге қатысты қаржы нарығында қызмет көрсетуге мүмкіндік бергенде.

#### **6-бап. Орталық депозитарийдің клиенттері**

1. Орталық депозитарий қаржы нарығында қызмет көрсетуге құқылы тұлғалар санаты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен немесе оларға сәйкес анықталады.



2. Орталық депозитарий клиентінің Орталық депозитарий қаржы нарығында қызмет көрсетуге құқылы бір тұлғалар санатының тиістілігі Орталық депозитарий аталған тұлғаға аша алатын шоттар түрін (жеке шоттар, қосалқы шоттар) және Орталық депозитарий аталған тұлғаға көрсететін қызметтер түрін (Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерінен туындайтын кейбір жол берген ауытқушылықтармен) анықтайды.

**7-бап. Орталық депозитарийдің қызмет көрсетудегі ұйымдық-құқықтық негіздері**

1. Орталық депозитарий қаржы нарығында Қағидалар жинағына сәйкес қызметтерді жүзеге асырған кезде Орталық депозитариймен іскерлік қатынасқа қатысушылар болып табылатын тұлғаларға қызмет көрсетеді.

Осындай іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен тоқтату шарты мен тәртібі Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен тоқтату қағидасы" ішкі құжатымен анықталады.

2. Орталық депозитарий өзінің әрбір клиентімен осы клиенттің Орталық депозитарийдің осы клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) көрсетілуі мүмкін кез келген қызметін алу үшін қажетті тек бір ғана шарт жасайды.

3. Орталық депозитарий мен оның клиентінің арасында жасалған қолданыстағы шарттың болуы қажетті, алайда осы клиенттің Орталық депозитарийдің нақты қызметін алуы үшін жеткіліксіз негіздеме болып табылады.

Егер Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында өзге ештеңе белгіленбесе, Орталық депозитарийдің нақты қызметін алу үшін және/немесе Орталық депозитарийдің қызметін алудың нақты әдісін пайдалану үшін және/немесе Орталық депозитариймен өзара әрекеттің нақты әдісін пайдалану үшін оның клиентіне Орталық депозитарийге мұндай жағдай үшін Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің тиісті ішкі құжатымен анықталған өтінімдік және өкімдік құжаттарды (мысалы, өтініш немесе бұйрық) беруі қажет *(аталған абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 14 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

**8-бап. Орталық депозитарийдің қаржы нарығында қызмет көрсету және қызметті жүзеге асыру шарты мен тәртібі**

Орталық депозитарийдің қаржы нарығында қызметтің нақты түрлерін жүзеге асыру және қаржы нарығында оларға қызметтің нақты түрін көрсету шарты мен тәртібі Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен анықталады (осы Кіріспенің 2-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып).

**3-тарау. ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫНЫҢ ГЛОССАРИЙІ**

**9-бап. Сөзбен берілген белгілер түрі**

1. Орталық депозитарий Қағидалар жинағында сөзбен берілген белгілердің келесідей түрлерін пайдаланады:
  - 1) ұғым;
  - 2) термин;
  - 3) шартты (қысқартылған) белгі;
  - 4) қысқарту;
  - 5) сөздік түсіндірме.
2. Ұғымға қандай да бір объектінің сөзбен берілген белгісінің айқын айтылған бірегей экономикалық, құқықтық немесе экономика-құқықтық мәні, құбылыс, оқиға, қасиеті, біртекті объектілер (құбылыстар, оқиғалар, қасиеті, әрекет) класынан болатын әрекеттер аталады.
3. Терминге сөзбен берілген белгі болып табылмайтын қандай да бір объектіні, құбылысты, оқиғаны, қасиетін, аталған объектіні (құбылыс, оқиға, қасиеті, әрекет) жылдам сәйкестендіру ыңғайлылығы үшін тиісті кәсіби ортада қалыптасқан және жалпы қабылданған әрекеттер аталады.
4. Шартты (қысқартылған) белгіге жазуға, оқуға, қабылдауға және түсінуге ыңғайлы болу үшін және шектеулі пайдалану бар оның толық сөзбен берілген атауына қатысты қысқартылған қандай да бір объектінің, құбылыстың, оқиғаның, қасиеттің, әрекеттің ұғымы немесе сөзбен берілген белгінің термині болып табылмайтын белгі аталады (мысалы, тек бір құжаттың немесе құжаттар арасындағы тек ұқсас топтар мақсаты үшін).
5. Қысқартуға ұғым, термин немесе шартты (қысқартылған) белгі болып табылмайтын ГОСТ 7.12-93 стандартына сәйкес қысқартылған қандай да бір объектінің, құбылыстың, оқиғаның, қасиеттің, әрекеттің сөзбен берілген белгісі аталады.

6. Сөзбен берілген түсіндірмеге ұғым, термин немесе шартты (қысқартылған) белгі болып табылмайтын қандай да бір жиі пайдаланылатын ұзын сөзді немесе сөз тіркесін ауыстыру жолымен тек бір құжаттағы мәтін көлемін қысқартуға ғана арналған сөз немесе қысқартылған сөз тіркесі аталады.
7. Қағидалар жинағында пайдаланылатын ұғымдар, терминдер мен шартты (қысқартылған) белгілер сонымен қатар Орталық депозитарийдің басқа ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттамада және Орталық депозитарий жариялайтын (тарататын, ұсынатын) ақпараттағы Орталық депозитарий қатынас қағаздарында пайдаланылады.

#### **10-бап.       Ұғымдар мен терминдер**

1. Қағидалар жинағында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.

Сонымен қатар Қағидалар жинағында Қазақстан Республикасының заңнамасында жоқ ұғымдар мен терминдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, алайда Қағидалар жинағында қандай да бір себеппен Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілген мәндерде пайдалану мүмкін емес ұғымдар мен терминдер пайдаланылады. Мұндай ұғымдар мен терминдер анықтамасы осы Кіріспеге 2-қосымшада берілген.

2. Орталық депозитарий Қағидалар жинағының құрамына кіретін өзінің ішкі құжаттарында осы құжаттарда пайдаланылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе осы Кіріспеге 2-қосымшамен анықталған ұғымдар мен терминдер анықтамасын келтірмейді.
3. Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатында осы құжатпен берілген тек оның өзіндегі мәндермен ғана пайдаланылатын қосымша терминдер анықтамасы болуы мүмкін.
4. Осы тармақтың екінші абзацында берілгенді қоспағанда, Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатында олар пайдаланатын заңнама саласына байланысты әртүрлі анықтамалары бар (мысалы, "резидент", "уәкілетті орган") ұғымдар мен терминдер пайдаланылмайды.

Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатында оның анықтамасы осы ұғымның (терминнің) осы Кіріспеге 2-қосымшада немесе аталған құжатта берілу шартымен заңнаманың барлық саласы үшін бірыңғай емес ұғым немесе термин пайдаланылуы мүмкін.

**11-бап. Шартты (қысқартылған) белгілер**

1. Қағидалар жинағында анықтамалары осы Кірісеге 2-қосымшада берілген шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады.
2. Орталық депозитарий Қағидалар жинағының құрамына кіретін өзінің ішкі құжаттарында осы құжаттарда пайдаланылатын және осы Кірісеге 2-қосымшасында анықталған шартты (қысқартылған) белгілер анықтамасын келтірмейді.
3. Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатында осы құжатта берілген тек оның өзіндегі мәндермен пайдаланылатын шартты (қысқартылған) белгілер анықтамасы болуы мүмкін.

**12-бап. Қысқартулар және сөзбен берілген түсіндірмелер**

1. Қағидалар жинағында қысқартулар кейбір жалпы қабылданған қысқартуларды (мысалы, "№", "%", "АҚ", "қ." ("қала" мәнінде), "қаз.", "ы/а", "млн", "млрд", "д-лы", "ауд.", "қар.", "ЖШС", "мың", "к-сі", "тіл.") қоспағанда, тек кесте және графикалық (иллюстративтік) бөліктерде ғана пайдаланылады, олар Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында мәтіндік бөліктерде де пайдаланылуы мүмкін.

Атап айтқанда, Қағидалар жинағында күндер кесте және графикалық (иллюстративтік) бөліктерді қоспағанда, "қ." ("қала" мәнінде) қысқартуын пайдаланбай, күнді белгілеу үшін екі цифрді пайдалану арқылы "ҮҮҮҮ жыл DD ай" форматында ғана жазылады, мұнда күндер "DD.ММ.ҮҮ" немесе "DD.ММ.ҮҮҮҮ" форматында жазылады.

2. Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжатында "сол (бұдан әрі – міне осы)" немесе "Осы Қағиданың мақсаты үшін оған міне осы түсініледі" немесе "Осы Қағиданың мақсаты үшін оған міне осы түсініледі" (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) типіндегі мәтін айналымына енгізілген сөзбен берілетін түсіндірмелер болуы мүмкін.

Сөзбен берілетін түсіндірмелер айналымға тек егер ол Орталық депозитарийдің ішкі құжатында екі реттен көп пайдаланылған жағдайда ғана енгізіледі.

**4-тарау. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР**

**13-бап. Орталық депозитарийдің жұмыс және операциялық күндері**

1. Орталық депозитарийде демалыс күндері ретінде сенбі және жексенбімен бес күндік жұмыс аптасы белгіленген.

Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мереке және демалыс болып табылатын өзге күндері жұмыс істемейді.

2. Орталық депозитарийдің олардың Қағидалар жинағына сәйкес қызметтерді жүзеге асырған кезде операциялық күнінің параметрі Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Операциялық регламент" ішкі құжатымен анықталады.

#### **14-бап. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу**

1. Орталық депозитарийдің қаржы нарығында оның өзінің клиенттеріне көрсеткен қызметі Орталық депозитарийдің клиенттерінің төлеуіне жатады.
2. Қаржы нарығындағы қызметтерді жүзеге асырған кезде Орталық депозитарий өзінің клиенттерінен бір бірінен төмендегілермен айрықшаланатын тарифтер мен алымдар алады:
  - 1) Орталық депозитарийдің тарифтері Орталық депозитарийдің қызмет көрсеткені үшін алынады;
  - 2) Орталық депозитарийдің алымдары Орталық депозитарийдің қызмет көрсету мен дайындалу барысында туындайтын оның тікелей шығындарын қаржыландыру және/немесе оны өтеу үшін алынады.
3. Орталық депозитарий қаржы нарығында олардың қызметті жүзеге асыру кезінде алаын тарифтер мен алымдар құрамы мен мөлшерлемесі, осы тарифтер мен алымдарды есептеу мен төлеу шарты мен тәртібі, оның ішінде оларды төлеу мерзімі, сондай-ақ олардың төленбегені (уақытында немесе толық төленбегені) үшін жауапкершілік Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" ішкі құжатымен анықталады.

#### **15-бап. Қорытынды ережелер**

1. Оларды реттеу тәртібі осы Кіріспемен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.
2. Орталық депозитарий бұл нормалардың осы Кіріспеде қаншалықты көрінгеніне қарамастан, осы Кіріспені қолданысқа енгізгеннен кейін қабылданған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ қағидалар  
жинағына Кіріспеге

**1-қосымша**

## ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

**Ескертпе.**

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына Кіріспенің 1-бабының 2-тармағына сәйкес осы қосымша Қағидалар жинағы құрамының әрбір өзгеруіне қарай және бір мезгілде осындай өзгерістермен жаңартуға жатады. Бұл ретте осы қосымшаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу Орталық депозитарий органдары мен лауазымды тұлғаларыныңмқандай-да бір рәсімді шешімдер қабылдауды талап етпейді.

№ р/н	Ішкі құжаттың атауы	Бекітілді		Келісілді <sup>3</sup>		Қолданысқа енгізу күні
		Орган <sup>1</sup>	Құжат <sup>2</sup>	Орган <sup>4</sup>	Келісу күні	
A	1	2	3	4	5	
1	"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына Кіріспе	ДҚ	14.12.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 108 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
2	Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау мен тоқтату қағидасы	ДҚ	11.12.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 104 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
3	Тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы (жалпы бөлім)	ДҚ	14.12.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 111 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе**

№ р/н	Ішкі құжаттың атауы	Бекітілді		Келісілді <sup>3</sup>		Қолданысқа енгізу күні
		Орган <sup>1</sup>	Құжат <sup>2</sup>	Орган <sup>4</sup>	Келісу күні	
А	1	2	3	4	5	
4	Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы. Тек 1-бап, 5 және 6-тарау ғана қолданылады	ДҚ	10.08.2010 ж. отырыстың № 7 хаттамасы	ҚҚА	22.11.2010	05.09.2011
5	Тізілімдер жүйесін жүргізу қағидасы ("Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ ішкі құжаты). Тек 1-1, 62-64 тармақтар, 5 және 9-тарау, 10-тараудың 2-параграфы, 11-тарау ғана қолданылады (191, 194 және 199 тармақтарды қоспағанда)	ДҚ	22.01.2015 ж. отырыстың № 1 хаттамасы	ҚҰБ	09.02.2015	01.01.2019
6	Мемлекеттік қазынашылық міндеттемеге қызмет көрсету және өтеу қағидасы	АКТЖ	16.11.2006 ж. отырыстың № 2 хаттамасы	ҚҚА	04.09.2006	01.01.2007
7	Депозитарлық және муниципалдық облигацияларға қатысты өзге қызметті жүзеге асыру қағидасы	ДҚ	16.07.2010 ж. отырыстың № 6 хаттамасы	ҚҚА	01.09.2010	17.09.2010
8	Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу қағидасы	ДҚ	27.08.2012 ж. отырыстың № 13 хаттамасы	ҚҚК	06.12.2012	03.04.2013
9	Жеке тұлғалар арасында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қағидасы	ДҚ	24.10.2017 ж. отырыстың № 22 хаттамасы	Х	Х	20.12.2017

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе**

№ р/н	Ішкі құжаттың атауы	Бекітілді		Келісілді <sup>3</sup>		Қолданысқа енгізу күні
		Орган <sup>1</sup>	Құжат <sup>2</sup>	Орган <sup>4</sup>	Келісу күні	
А	1	2	3	4	5	
10	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы	ДҚ	14.12.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 110 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
11	Төлем агенті функцияларын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы	ДҚ	30.11.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 89 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
12	Туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыру қағидасы	ДҚ	30.11.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 93 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
13	Сәйкестендіргіштерді беру қағидасы	ДҚ	25.09.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 67 (з) хаттамасы	X	X	15.10.2018
14	Санақ комиссиясының функциясын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы	ДҚ	16.11.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 83 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
15	Санақ комиссиясының функциясын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету қағидасы ("Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ ішкі құжаты). Тек 1-бап және 3-тарау ғана қолданылады	ДҚ	31.01.2017 ж. отырыстың № 1 хаттамасы	X	X	01.01.2019
16	Операциялық құжаттарды қабылдау мен беру қағидасы	ДҚ	30.11.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 90 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019



**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе**

№ р/н	Ішкі құжаттың атауы	Бекітілді		Келісілді <sup>3</sup>		Қолданысқа енгізу күні
		Орган <sup>1</sup>	Құжат <sup>2</sup>	Орган <sup>4</sup>	Келісу күні	
А	1	2	3	4	5	
17	Операциялық регламент	ДҚ	12.12.2018 ж. сырттай дауыс берудің № 105 (з) хаттамасы	X	X	01.01.2019
18	Тарифтер мен алымдар туралы ереже	ДҚ	29.07.2011 ж. отырыстың № 5 хаттамасы	X	X	05.09.2011
19	Тарифтер мен алымдар туралы ереже ("Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ ішкі құжаты)	ДҚ	06.10.2017 ж. отырыстың № 17 <sup>5</sup> хаттамасы	X	X	01.01.2019

<sup>1</sup> Ішкі құжатты бекіту туралы шешім қабылдаған Орталық депозитарийдің немесе "Бағалық қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ органының атауы.

<sup>2</sup> Ішкі құжатты бекіту туралы шешім бар құжаттың атауы мен деректемелері.

<sup>3</sup> "X" символы ішкі құжатты бекітудің талап етілмегенін білдіреді.

<sup>4</sup> Ішкі құжатты келіскен мемлекеттік немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен тағайындалған өзге органның атауы.

### Пайдаланылған аббревиатуралар

ҚҚА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттік
АКТЖ	Орталық депозитарий акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы
АЖЖЖ	Орталық депозитарий акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы
ҚҚК	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті
ҚҰБ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ДҚ	Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі

**Қағидалар жинағында пайдаланылған ұғымдар, терминдер мен  
шартты (қысқартылған) белгілер**

**ГЛОССАРИЙІ**

**Глоссарийге ескертпе**

1. Осы глоссарийге жалпыға мәлім болып табылатын және Қағидалар жинағының құрамына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарын оқу, қабылдау мен түсіну үшін қиындық келтірмейтін ұғымдар мен терминдер (мысалы, "акционерлік қоғам", "банк", "банктік шот", "валюта", "кепілдік", "лицензия", "ақша аударымы", "есептен шығару", "есепке алу", "заңды тұлға") кірмейді.
2. Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер осы глоссарийде әліпбилік тәртіппен орналасқан: алдымен латын әліпбиіне сәйкес, содан кейін – кирилл. Қажет кезде осы глоссарийді жаңа ұғыммен, терминмен, шартты (қысқартылған) белгімен толықтырғанда, олар (ол) осы глоссарийге әліпбилік тәртіппен енгізіледі.

Ұғым, термин, шартты (қысқартылған) белгі. Оны қолдану ерекшелігі	Анықтамасы
1	2
<b>Euroclear</b>	Euroclear Bank SA/NV, Belgium (атаудың аббревиатурасы – EB; ресми интернет-сайт – <a href="http://www.euroclear.com">www.euroclear.com</a> ), тіркелген мекенжайы 1, Boulevard du Roi Albert II, B-1210 Brussels, Belgium Бельгия Корольдігінің заңды тұлғасы, ол аттас топтың есептік-клирингтік орталығы болып табылады және бағалы қағаздар халықаралық депозитарийінің функцияларын жүзеге асырады

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе**

Ұғым, термин, шартты (қысқартылған) белгі. Оны қолдану ерекшелігі	Анықтамасы
1	2
<b>CFI</b>	"CFI коды" сияқты
<b>Clearstream</b>	Clearstream Banking, société anonyme, Luxembourg (атаудың аббревиатурасы – CBL; ресми интернет-сайт – www.clearstream.com), тіркелген мекенжайы 42, avenue JF Kennedy, L-1855 Luxembourg, Luxembourg Люксембург Ұлы Герцогтігі заңды тұлғасы, ол Deutsche Börse тобының құрамындағы есептік-клирингтік ұйым болып табылады және бағалы қағаздар халықаралық депозитарийінің функцияларын жүзеге асырады
<b>FISN</b>	"FISN коды" сияқты
<b>IDR</b>	"IDR коды" сияқты
<b>ISIN</b>	"ISIN коды" сияқты
<b>SWIFT</b>	Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunication Société Coopérative à responsabilité Limitée (қысқартылған атауы – S.W.I.F.T. SCRL; атаудың жалпы қабылданған аббревиатурасы және тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі) – S.W.I.F.T. немесе SWIFT; ресми интернет-сайт – www.swift.com), тіркелген мекенжайы: 1, avenue Adèle, B-1310 La Hulpre, Belgium Бельгия Корольдігінің заңды тұлғасы, ол стандартталған төлем құжаттарымен және банктер мен басқа қаржы құралдарының арасындағы өзге қаржы хабарламаларымен алмасудың аттас халықаралық жүйесінің операторы болып табылады
<b>S.W.I.F.T.</b>	"SWIFT" сияқты
<b>жарияланған акциялар</b> (Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған акцияларға қолданылады)	шығарылымы осы акцияларды шығарған акционерлік қоғамды заңды тұлға ретінде тіркеген мемлекет заңнамасына сәйкес тіркелген акциялар
<b>орналастырылған акциялар</b> (Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған акцияларға қолданылады)	жарияланған, бағалы қағаздардың бастапқы нарығында сатылғандар мөлшерінен алынған акциялар

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе**

Ұғым, термин, шартты (қысқартылған) белгі. Оны қолдану ерекшелігі	Анықтамасы
1	2
<b>акционерлік қоғам</b> (шетелдік заңды тұлғаға қолданылады)	оны заңды тұлға ретінде тіркеген мемлекет заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып танылған заңды тұлға
<b>акция</b> (Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарға қолданылады)	осы акционерлік қоғамды заңды тұлға тіркейтін және аталған қағазды ұстаушының осы акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және ол тараған кезде осы акционерлік қоғамның мүлігінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ көзделген заңнамада қарастырылған өзге құқықты куәландыратын мемлекеттің заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам шығарған бағалы қағаз
<b>артықшылықты акция</b> (Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарға қолданылады)	әдеттегі жағдайда аталған акцияны ұстаушының акционерлік қоғам шығарған акцияны басқаруға қатысу құқығын қарастырмайтын, алайда оның орнына аталған акцияны ұстаушының осы акция бойынша дивидендті алдын ала белгіленген кепілдендірілген мөлшерде алуға және ол тараған кезде осы акционерлік қоғам мүлігінің бір бөлігін алуға осы акционерлік қоғамның жай акциясының меншік иелері алдында аталған акцияны ұстаушының артықшылықты құқығын қарастыратын акция
